

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ


СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН  
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және  
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ  
Кафедра меңгерушісі  
техн.ғыл.канд.,  
қауымдастыр.профессор  
 К.К. Елемесов  
«08» 05 2019ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Кәсіптік-техникалық оқу орындарында білім алушылардың  
кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»

5B012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы

Орындаған

Әліпбай Нұрила Мәдібекқызы


Ғылыми жетекші

т.ғ.к. Қасымбаева Гүлстан Нұсұпбекқызы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті  
О.Ә.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты  
«Технологиялық машиналар және жабдықтар» кафедрасы  
5B012000 –«Кәсіптік оқыту»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі  
техн. ғыл. канд.,  
қауымдастыр. профессор  
 К.К. Елемесов  
« 11 » 12 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Әліпбай Нұрила Мәдібекқызы  
Тақырыбы Кәсіптік-техникалық оқу орындарында білім алушылардың кәсіби күзіреттілігін қалыптастыру  
Университет басшысының «08» қазан 2018 ж. №1113-б бұйрығымен бекітілген  
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «25» сәуір 2019ж  
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Кәсіптік-техникалық оқу орындарында білім алушылардың кәсіби күзіреттілігі  
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:  
А) Негізгі бөлім: Кәсіптік-техникалық оқу орындарында білім алушылардың кәсіби күзіреттілігі мәселесін талдау, негізгі ұғымдарға түсініктеме беру  
Б) Технологиялық бөлім: Кәсіптік колледждерде білім алушылардың кәсіби күзіреттіліктерін анықтау  
С) Әдістемелік бөлім: Кәсіптік колледждерде білім алушылардың кәсіби күзіреттілігін қалыптастыру және дамыту ерекшеліктерін салыстыру  
В) Еңбек қорғау бөлімі: Қауіпсіздік шаралары  
Ұсынылатын негізгі әдебиет 16 атау

## **АНДАТПА**

Ұсынылып отырған дипломдық жұмыс қазіргі таңда білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен жолдарын қарастыруға бағытталған. Дипломдық жұмыс кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде құзыреттілік және кәсіби құзыреттілік ұғымдарының мәніне тереңінен тоқталып, олардың түрлеріне жеке-жеке шолу жасалған. Сонымен қоса, кәсіптік-техникалық оқу орындарында оқытылатын «электр және газбен пісіруші» мамандығының кәсіби құзыреттіліктері және олардың маман болып қалыптасуына қойылатын негізгі кәсіби, медициналық талаптарды қарастырған. Сондай-ақ, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бағытында қарастырылған әдістерден күтілетін нәтежиелер сараланған.

## **АННОТАЦИЯ**

Предлагаемая дипломная работа направлена на рассмотрение путей и необходимости формирования профессиональной компетентности обучающихся в настоящее время. Дипломная работа состоит из введения, четырех разделов, заключения, списка использованной литературы.

В основной части дипломной работы подробно рассмотрела на сущности понятий компетенции и профессиональной компетентности, проведен индивидуальный обзор их видов. Кроме того, рассмотрены профессиональные компетенции по специальности «электрогазосварщик», изучаемой в профессионально-технических учебных заведениях и основные профессиональные, медицинские требования к их становлению специалистами. Также были проанализированы ожидаемые результаты, предусмотренные в направлении формирования профессиональной компетентности.

## **ABSTRACT**

The proposed diploma work is aimed at considering the ways and necessity of formation of professional competence of students at the present time. The thesis consists of an introduction, four sections, conclusion, list of references.

In the main part of the thesis considered in detail the essence of the concepts of competence and professional competence, an individual review of their types. In addition, the professional competence in the specialty «electric and gas welder», studied in vocational schools and basic professional, medical requirements for their development by specialists. Also the expected results provided in the direction of formation of professional competence were analyzed.

## МАЗМҰНЫ:

	Кіріспе	5
1	Жалпы бөлім	6
1.1	Жалпы «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» түсініктері және олардың түрлері	6
1.2	«Электр және газбен пісіруші» мамандарының кәсіби құзыреттілігі, оларға қойылатын талаптар	12
2	Технологиялық бөлім	15
2.1	Пісіру әдістерінің мәні мен жіктелуі	15
2.2	Газбен пісіру тәсілі	16
3	Әдістемелік бөлім	21
3.1	Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістері	21
3.2	Сабақ жоспары және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда қолданылған әдістерден күтілетін нәтижелер	25
4	Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	30
4.1	Газбен пісіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы	30
	Қорытынды	34
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	35

## КІРІСПЕ

Білім әрбір адамзат баласының жоғарғы құндылықтарының біріне айналуы керек. Қазіргі таңда еліміздің білім деңгейін әлемдік деңгейге жеткізу үшін әрбір білім алушының кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы міндеттелген. Мемлекетіміздің тұңғыш президенті Н.Назарбаев халыққа арнаған жолдауында кәсіптік білім беру мәселесіне барынша басымдық беру қажеттігіне айрықша назар аударды. Жастардың білімін жетілдіру үшін қажетті жағдай жасау туралы «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануы тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндікті жасап, ең қолайлы жағдаймен қамтамасыз етуіміз керек»<sup>[1]</sup>. Оқытудың әлемдік деңгейіне жету мақсатында еліміздің кәсіптік-техникалық және жалпы оқыту орындарына үлкен жауапкершілік артылып отыр.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы: «Кәсіптік-техникалық оқу орындарында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру».

Дипломдық жұмыстың өзектілігі: Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың кәсіби білікті, өз ісінің шебері, жан-жақты дамыған болуы, әр түрлі мәселелерді өз бетінше саралап, шешім қабылдай білетін болып қалыптасуы маңызды орында. Бірақ көптеген оқу орындарында бұл сапаларға аса мән беріле қойған жоқ. Сол себепті де бұл тақырып өзекті болып табылады.

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты: білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен жолдарын қарастыру.

Дипломдық жұмыстың міндеттері:

- «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашу;
- Кәсіптік-техникалық оқу орындарының білім алушыларына қойылатын талаптарды қарастыру;
- Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістерін зерттеу;
- Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда қолданылған әдістерден күтілетін нәтижелерді талдау;

Практикалық құндылығы: Кәсіби құзыреттіліктің мазмұны бойынша студенттің бойында ұйымдастырушылық, бақылау жасау, реттеу, үйлестіру, болжай білу, белсенділік, зерттеушілік қабілеттері жүзеге асырылады.

Білім беру кезінде құзыреттілік түсінігі оқыту нәтижесін көрсетіп, «қандай екенін білемін» және «қолдану жолдарын білемін» бағыттарына негізделген.

Елімізде білім беруді дамытудың бағдарламаларында білім көрсеткіштерін жақсартуға, соның ішінде, білім алушы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін дамыту және оларға қолдау көрсетіп, ынтасын арттыру мәселелеріне мән беріледі. Қазіргі қоғам талабы бойынша педагог «құзыретті мұғалім» ал, білім алушы «құзыретті оқушы» болуы қажет.

## 1 Жалпы бөлім

### 1.1 Жалпы «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» түсініктері және олардың түрлері

Болашақ мамандардың білім сапасын жоғарылату үшін оларды жан-жақты дамытып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру маңызды болып табылады. Білім алушыларға дұрыс бағыт бере отырып, оларды тәрбиелеп, өз ісінің шеберіне айналдыру мемлекетіміздің қарқынды дамуының негізгі факторы болып саналады. Еліміздің тұңғыш президенті ұсынған «Елімізді өркендетудің жеті бағытында» еліміздің білім жүйесі көптеп қарастырылған. Соның ішінде төртінші бағытында: білім саласының қызметкерлері біздер үшін маңызды болып табылады деп қарастырылған. Білім алушыларға дұрыс білім беру үшін ең алдымен оқытушылардың білім берудегі шеберлігін көтере отырып, оқушылардың білім сапасын дамыта аламыз. Оқыту саласында еңбек етіп жүрген оқытушылардың оқытудағы әдістемелерін жаңартып, мерзіммен жаңа оқыту курстарына тыңғылықты жіберу, оқыту құралдарын түрлендіріп отыру – білімі сапалы ұрпақ қалыптастыру негізі болып табылады. Осындай негізгі қажеттіліктерді ескере отырып, қазіргі кезде еліміздің білім беру жүйесіне көптеген жаңа талаптар қойылып, ынта мен жігерді арттырып, оқушының қызығушылығын көтеру үшін оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қолданылып, жан-жақты шешімдер қабылданып отыр.

Американдық ағартушы, ғалым Н. Хомский ХХ ғасырда ең алғаш рет «құзыреттілік» ұғымын енгізді. Ол, құзыреттілік – белгілі бір қызметті жүзеге асыру кезінде керекті қабілеттердің жиынтығы деп түсіндірді. Уақыт өте келе «Құзыреттілік» ұғымы ғылымның көптеген саласында қолданылып, қажеттілігіне орай, «құзыреттілік», «құзырет», «құзыр» деп түрлі мағынада қолданылып келеді.

Құзырет пен құзыреттілік – тығыз байланысты терминдер. Құзырет – адамзат бойындағы түрлі сапалардың, яғни, білімі, білігі, дағдысы, іс-әрекеті т.б жиынтығы. Құзыреттілік терминіне екі түрлі анықтама берсек болады. Біріншіден, құзыреттілік – жеке тұлғаның бойындағы сапаларын белгілі бір салада оңтайлы пайдалана отырып, іс-әрекетін жүзеге асыра алуы. Екіншіден, құзыреттілік – жеке тұлғаның танымдық және тәжірибиелік білім деңгейі.

Құзыреттілік термині «competence» деген ағылшын сөзінің аудармасы. Ол сөз: «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағынаға ие. Осы мағыналар арқылы құзыреттіліктің мәнін анықтауға болады.

Білу – адамның өз кәсіп саласындағы барша мағұлматтардан хабардар болып, кәсіби функцияларды орындаудың түрлі тәсілдерін жасауға өз қабілеттерін қолдануы.

Жасай алу – адамның өз кәсібі бойынша көптеген тәжірибиелер жинақтап, түрлі операцияларды жүзге асырып, жан-жақты шешім қабылдай алуы, іскерлігі.

Дегеніне жету – адамның өз кәсібінде іскерлігін пайдалана отырып, көздеген мақсаттарына жетуі.

Құзыретті маман деп кәсібіне байланысты түрлі салалардың бәрінен хабардар жеке тұлғаны айта аламыз. Ол салаларға: білім, білік, дағдыны жатқыза аламыз. Құзыреттілік ұғымымен тығыз байланысты осы ұғымдарды біртіндеп қарастырып өтейік:

Білім – жеке тұлғаның түрлі салалар бойынша ұғымдар мен пайымдауларды, ережелер мен деректерлерді түсіне білуі. Адамның негізгі құндылықтарының бірі. Білім көптеген ұғымдармен тығыз байланысты.

Білік – адамның бойына жинақтаған барша біліміне ой жүгірте отырып, өз бетінше пайымдай алуы. Ежелгі қазақтың дүнетанымы бойынша, білік көп оқығаннан гөрі, көпті көрген және көрген-білгенін көңілге түйе білу арқылы қалыптасады. Білікті екі түрде сипаттай аламыз, біріншіден білік, тұлғаның айналадағы қоршаған орасындағы құбылыстарды түйсікпен түсіне білуі, яғни физиологиялық ерекшеліктерімен байланысты. Екіншіден білік, тұлғаның жинақтаған тәжірибиелерінен ой қорыта алуы, яғни жүре келе меңгерумен байланысты. Адам бойында қалыптасқан данышпандық, даралық қасиеттердің жиынтығын – біліктіліктің ең жоғарғы сатысына жатқызамыз.

Дағды – адамзаттың бастапқы кезде саналы жолмен жүзеге асыратын іс әрекеттерінің уақыт өте келе, күнделікті жаттығудың көмегімен автоматты түрге айналып кетуін айтамыз. Дағды автоматты түрге айналғаннан кейін іс-әрекет жылдам, оңай орындалып отыратын болады.

Құзыреттілікті тек осы жоғарыда аталған ұғымдардың жиынтығы деп айта алмаймыз. Бұл ұғым білім алушылардың шығармашылық және құндылықтарын да көрсетеді. Сонымен құзыреттілік, құзыр ұғымдарының білім, білік, дағдыдан мынадай ерекшеліктері бар:

Білімнен ерекшелігі – белгілі бір сала бойынша ақпаратпен ғана емес, қызметті өнімді атқаруды да қарастырады.

Біліктен ерекшелігі – кәсіпке байланысты дағдыларды қалыптатыра отырып, кәсіптік қызметтің негізін ұғындырады.

Дағдыдан ерекшелігі – адамның оқыған мағұлматтарын шығармашылығын пайдаланып, пайымдай алуға жетелейді.

Заман талабына сәйкес, оқытушылармен қоса студенттерге деген талаптар да өсуде. Студенттерге түйінді құзыреттіліктерді бойына қалыптастыру негізгі талап болып табылады. Түйінді құзыреттіліктерге: студенттердің айналадағы түрлі құбылыстарды меңгеруі, заманауи техникаларды игеруі, өзінің кәсіби білім деңгейін бағалауы, кәсіп бойынша практикадан өтуі, өмірде өз орнын анықтауы, түрлі мәселелерді шеше білуі, шығармашылық тұрғыдан дамуын жатқызсақ болады. Түйінді құзыреттіліктер мектеп қабырғасынан бастап қалыптасуы керек. Құзыретті студенттер қатарына, өзін-өзі ұйымдастыра білетін, өзінің іс-әрекеттеріне баға бере алатын, мамандығын жетік білетін, шешім қабылдай алатын, өз басына қатысты бар жауапкершілігін мойнына артқан білім алушыларды айтамыз. Студенттің құзыреттілігі тек білім деңгейін емес, оның

шығармашылық және рухани деңгейін де көрсетеді. Оқытудағы құзыреттілік тәсілдің мақсаты – білім алушыларды оқыту кезінде күтілген барлық нәтежиеге толыққынды қол жеткізу. Білім берудегі құзыреттілік тәсіл – оқыту нәтежиесінің сапалы болуын қамтиды. Құзыреттілік тәсілдің құрылымына: танымдық, мәдени, тұрыстық, еңбек салаларындағы құзыреттіліктерді жатқызамыз.

Мәдени іс-әрекетті құзыреттіліктер деп адамның бос уақытын өзінің рухани дамуына арнай алу біліктілігі.

Тұрмыстық саладағы құзыреттіліктер деп адамның өз денсаулығын күту және жеке гигиеналық талаптарды орындай алу біліктілігі.

Еңбек іс-әрекетті құзыреттіліктерге қызмет ету, ұжыммен жұмыс жасай алу, өз мойнына жауапкершілік алу біліктілігі

Жалпы құзыреттілік ұғымын енгізілген уақыттан бері өте көптеген ғалымдар зерттеп, қарастырған. Әр ғалым жинақтаған ілімдеріне орай түрлі анықтама беріп өткен. Құзыреттілік ұғымы тек адамның кәсіпке бейімділік қабілеттерімен шектеліп қалмайтыны бәрімізге аян. Ғалымдардың зерттеуі бойынша құзыреттілік ұғымы адам бойындағы 112-ге жуық қасиеттерді қамтиды екен. Бұл, қарастырылып отырған ұғымның ауқымы өте кең екенін білдіреді. Осыған байланысты құзырет – жеке тұлғаның бойындағы барлық жақсы қасиеттерінің жиынтығы, ал құзыреттілік – тұлға бойында жинақталған бар қасиеттерінің негізінде пайда болған бір істі жүзеге асыра алу шеберлігі мен ептілігі деп тұжырымдасақ та болады.

Ғалымдар құзыреттілік түсінігінің бірнеше түрлерін анықтаған. Дж. Равен, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Т.А. Гудкова, М. Жадрина, Т.А. Степанов, К.Г. Митрофанов, Р. Уайт, В. Шепель, И.А. Зимняя, Л.Н. Паламарчук, Б. Кенжебеков, Г. Ниязова сынды көптеген ғалымдардың еңбектерінде студенттің құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырғын. Құзыреттілік түрлерін студенттердің білім алу кезінде бойына жинайтын қасиеттері мен қабілеттері негізінде ажыратқан. Құзыреттілік термині жайында Г.Ж. Меңлибекова, А. Дорофеев, А.Б. Ежова, А.В. Райцев, Б.Б. Кенджаева, М.Ж. Жадрина, Г. Қасымова, Р. Даулетова және тағы басқа ағартушылардың жазбаларында кездеседі. Оқытуда құзыреттілік тәсілді пайдалануда білім алушылар бұрын тек қана білімді қабылдаушы рөлінде болса, ал жаңа талапта өз бетімен ізденіп, үйренуші және шығармашылықпен айналысушы болып танылады. Бүгінде білім беруге қатысты стратегияны «Құзыретті білім беру» деп аталып жүрегені де сондықтан.

Жаңа нормативтік құжаттарда оқытылатын пәндерден күтілетін нәтежиелер құзыреттіліктің үш түрлі бойынша сараланады. Студенттің мәселелерін шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігітері жатады.

Қазіргі уақытта әркім өз мүдделері мен қабілеттеріне қарай бір мамандық немесе кәсіп тандауы тиіс. Мамандықты игеру үшін адам арнайы жоғары оқу орындарына түсуге және өзін-өзі жүзеге асыруға тырысады. Мамандықты тереңдетіп оқытуға байланысты кәсіби құзыреттілік ұғымы пайда болады.



«Кәсіби құзыреттілік» түсінігі ең алдымен жеке тұлғаның кәсіби білім деңгейімен, тұлғалық қабілеттерімен, өзін-өзі жетілдіру және сабақтастықпен, шығармашылықпен, өз жұмысына жауапкершілікпен, теориялық білімді тәжірибеде тиімді қолдану қабілеттілігімен анықталады.

Ғалым С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Кәсіби құзыреттілік - қабілетті, белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері»<sup>[2]</sup>, - деген анықтама берілген.

Б. Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез - келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады»<sup>[3]</sup>, – деп анықтама береді.

Ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, кәсіби құзыреттілік екі жолмен түсіндіріледі деп есептеймін. Біріншіден, адамның стандарттар бойынша әрекет ету қабілеті, екіншіден, әрекеттегі нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін адамның сапалары деп анықтама бере аламыз.

Көптеген ғалымдардың пікірлеріне байланысты құзыреттіліктің түрлері 1 – кестеде көрсетілген.

## 1 Кесте. Құзыреттіліктің түрлері

№	Құзыреттіліктер	Қалыптасушы қабілеттер
1	Басқарушылық	Мәселені шешу қабілеті – адамның қоршаған әлемін, бірдей қабылдай алатын жоғары құндылықтарға негізделген жүйелі қоғам өмірінде өз рөлін табу қабілеті. Бұл құзыреттілік әр түрлі өмірлік жағдайларда шешім қабылдау қабілетін қамтамасыз етеді.
2	Тұлғалық	Өзін-өзі жүзеге асыру және дамыту, өмірлік және кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау, толеранттылық қабілеті – бұл құзыреттілік адамның бойында жұмыстағы, жанұядағы, қоғамдағы экономикалық және саяси қарым-қатынас саласындағы беделді азаматтық-әлеуметтік қызметтік білімі мен білігінің болуымен сипатталады. Құзыреттілік өзіне нақты әлеуметтік жағдайды талдау, әр түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін қолдану, яғни нақты жоспарлаумен, өзін-өзі бағалаумен, өз өмірі мен жұмысына жауапты қарым-қатынастағы қызметті ұйымдастыру, тиісті шешімдер қабылдау кезінде пайдалы әрекет ету қабілетін қамтиды. Дербес оқу-танымдық үдерісті қамтамасыз ететін кешенді құзыреттілік. Бұл құзыреттер оқу процессін ұйымдастыруға, білімді тиімді пайдалануға, функционалды білімділікті дамыту барысында білімді меңгеруге, өз кәсіби бағытын түсінуге, іздеу және зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік беретін қызметті талдау және қорыту тәсілдерінің кешенді көрсеткіштері болып

		табылады.
3	Азаматтық	Отансүйгіштік пен мәдениеттілік негізінен өз отаны үшін жауапкершілігін сезу қабілеті – қоғамда дәстүрлерді және отбасылық, қоғамдық өмір мәдениетінің негіздерін, этномәдени құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін жалпы адамзаттық мәдениет пен ұлттық сана-сезімнің жетістіктері негізінде. Өз халқының мәдениетін және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру рухани үйлесім мен төзімділік идеяларына бейім болады. Ең бастысы-өз елінің патриоты болу, азаматтық белсенділік көрсету, саяси жүйені түсіну, ағымдағы әлеуметтік жағдайды бағалау.
4	Коммуникативтік	Қазақ, орыс және ағылшын (шетел) тілдерінде ауызша, жазбаша және тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті-адамдармен қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас жасау тәсілдерін білу, түрлі әлеуметтік топтарда дағдылар, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтарда дағдылар, қоғамда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындау, нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін әртүрлі қарым-қатынас нысандарын қолдана білу, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде, халықаралық қатынастағы шетел тілі, коммуникативтік дағдылар.
5	Ақпараттық	Өз бетінше танымдық іс-әрекетке немесе өмір бойы білім алуға қабілеті – ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен ақпарат пен білімді өз бетінше іздеу, талдау, таңдау, өзгерту, сақтау, тасымалдауды жүзеге асыру.
6	Әлеуметтік	Әлеуметтік өзара іс – қимылға қабілеттілік-отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-әлеуметтік тәжірибе мен білімді білдіреді. Бұл құзыреттілік әлеуметтік жағдайды нақты талдауды, жеке тұлғалар мен қоғамның мүдделеріне сәйкес түрлі жағдайларда ықпал ету қабілетін, кәсіби бағыттылықты саналы таңдауды қамтамасыз етеді.
7	Технологиялық	Технологияларды, оның ішінде ғылыми, цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндігі, тиімді пайдалану қабілеті – деңгейінде-компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын интернет сервистерді пайдалану. Интернетте қажетті материалдарды игеру. Мақсаты: әр түрлі дистанциялық байқаулар мен олимпиадаларға қатысу арқылы ой-өрісін кеңейту және оқуға қызығушылығын арттыру. Ол компьютерлік технологияларды тиімді пайдаланудың өлшемі болып табылады және басқа пәндерді оқу кезінде қолданылады.

Негізгі құзыреттілік түрлерінен бөлек жекелеген пән салалары шеңберінде пән құзыреттілігі пән шеңберінде алынған нақты білімді, іскерлікті қалыптастырумен сипатталады.

Метафизикалық және пәндік құзыреттілік оқыту нәтижесі ретінде анық, өлшенетін, қолжетімді, шынайы болуы тиіс.

Пәндік нәтижелер студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға және базалық, пәндік құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған.

Б. Т. Кенжебеков кәсіби құзыреттілікті келесі түрлерге ажыратқан:

1. Жалпы арнайы немесе кәсіби құзыреттілік – қызметтің жоғары кәсіби деңгейде дамуымен және арнайы білімдермен ғана емес, сонымен қатар оларды практикада қолдана білуімен де сипатталады.

2. Әлеуметтік-кәсіптік құзыреттілік – кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас әдістерінің, бірлескен кәсіби қызмет пен серіктестік әдістерінің дамуымен сипатталады.

3. Тұлғалық кәсіби құзыреттілік – өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерінің, кәсіби деформациямен күресу құралдарының дамуымен сипатталады. Және өзіне маманның кәсіби қызметін жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, проблеманы пайымдау кіреді.

4. Жеке кәсіби құзыреттілік – өзіне-өзі қызмет көрсету әдістерін меңгерумен, кәсіби өсуге дайындала білумен, кәсіби қартаюдың көтере алмаушылығымен, кәсіби мотивацияның табандылығымен сипатталады.

Кәсіптік білім беруде құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың мақсаты құзыретті маманды қалыптастыру болып табылады. Кәсіби білім берудің заманауи педагогикасындағы құзыреттілікті нарықтық қатынастарға негізделген білім беру жүйесіндегі мақсатқа бағыттаудың жаңа түрі ретінде қарастыру керек. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы жақсы нәтижелер келесі жұмыс түрлерін қамтамасыз етеді: Сабақтың мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау, сабаққа назар аудару тәсілдерін зерделеу, сабақ кезеңін (кезеңдерін) фрагментациялау және оны студенттер тобында өткізу, сынақ сабағынан кейін талдау және өткізу арқылы өзіндік талдау, сабақты өзара талдау, көрнекі сабақтарды егжей-тегжейлі талдау, конференцияға қатысушылардың қарым-қатынасы. Бір пән аясында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру шектеледі, сондықтан пәндерді, білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимыл жүйесін кең біріктіру қажеттігі туындайды.

Осылайша, кәсіби құзыреттілік – бұл ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы және кез келген міндеттерді дұрыс шеше білуі. Қоғам талаптарына сәйкес үнемі жетілдірілетін студент кәсіби білім, жаңа технологиялар, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеттері бар, үлкен тәжірибесі бар болуға міндетті.

## 1.2 «Электр және газбен пісіруші» мамандарының кәсіби құзыреттілігі, оларға қойылатын талаптар

Электр және газбен пісірушілер көбнесе жеңіл, жұқа металдарды пісіру мен кесу жұмыстарын жасаумен айналысады. Сонымен бірге, өңделетін бұйымға алдын-ала тазарту жұмыстарын жүргізеді. Кез-келген бағытта пісіру жұмысын жүргізеді. Құбырлар, дөңгелек бұйымдарды да пісіреді. Бұйымдардағы қалпына келтіруге болтын ақауларға жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Металдарды өңдеу жұмыстарын жартылай автоматты және автоматты құрылғылармен жасайды. Пісіру жұмысын орындамас бұрын пісіру сызбасы мен талаптарымен толық танысып өтеді. Қазіргі уақытта пісіру ісін жүргізуші мамандар пісіру ісі кезіндегі барша қауіпсіздік техникасын толықтай білуге, ұқыпты болуға сондай-ақ компьютермен, түрлі пісіру жабдықтарымен жұмыс жасай алуға міндетті. Пісіруші маман түрлі газдармен жұмыс жасайтын болғандықтан, түрлі аллергиялық тері ауруларына бейімсіз болуы керек. Жұмысты оңтайлы аяқтау үшін жұмыс жасау кезінде жауаптылық, төзімділік танытуы қажет. Сондықтан, бұл мамандық үлкен жауапкершілікті талап етеді. Электр және газбен пісіруші мамандығына қойылатын талаптар 2 – кестеде көрсетілген.

### 2 Кесте – Электр және газбен пісіруші мамандығына қойылатын талаптар:

Маманның сапалары	Медициналық қайшылықтар:
<ul style="list-style-type: none"><li>- Мықты иммунитеті;</li><li>- Төзімділігі;</li><li>- Көзу қабілетенің жоғарылығы;</li><li>- Байқағыштығы;</li><li>- Көздей білуі;</li><li>- Түстерді ажыта алуы;</li><li>- Сәйкестендіре білуі;</li><li>- Дұрыс қозғалыс жасауы;</li><li>- Аңғарушылығы;</li><li>- Абай болуы;</li><li>- Жадының жақсы болуы;</li><li>- Шапшаң қозғалуы.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Гипертониялық аурулар;</li><li>- Тыныс алу жолдарының сезімталдығы;</li><li>- Сүйектегі түрлі ауыртпалықтар;</li><li>- Ревматизм;</li><li>- Көру қабілетінің нашарлығы;</li><li>- Қолының дірілдеуі;</li><li>- Икемсіз қозғалыс жасауы;</li><li>- Психологиялық ауытқулар;</li><li>- Талып қалу ауруы</li><li>- Иммунитеттің төмендігі;</li></ul>

Кәсіби дайындыққа қойылатын талаптар

Электргазбен пісіруші білуі тиіс:

- Газбен пісіруші және газбен кесуші мамандар газбен пісіру кезіндегі құрал-жабдықтарды қолдану тәсілдерін
- Газбен пісіруге қолданылатын құрылғылардың құрылысын
- Аппараттардың жұмыс жасау принципін
- Пісіру кезіндегі қауіпсіздік ережелерін
- Пісірудің әдістері мен тәсілдерін

- Қолданылатын қоспалардың химиялық қасиеттерін
- Пайда болған ақаулардың себептерін
- Бұйымды пісіруге даярлау ережелерін
- Электродтардың маркаларын
- Бақылау аспаптарын пайдалануды
- Пісірілген бұйымның сапасын бақылауды
- Газды сақтау тәсілдерін
- Бұйымды кесу үрдістерін

Газбен пісіруші ауа температурасы әр түрлі немесе құбылмалы орталарда жұмыс атқаруы мүмкін. Пісіру аппараттарының кейбірі ауыр салмақты болғандықтан, оларды тасымалдау жағдайларында күш жұмсауды қажетсінеді.

Пісіруші мамандардың жұмысы адам денсаулығына зиянды және қауіпті жұмыстардың бірі. Адам денсаулығына жұмыс атқару кезіндегі құбылмалы температура, радиация, шулар, газдардан бөлінген түрлі зиянды ауалар, ауаның ылғалдылығы, жарықтың тым жоғарылығы немесе аздығы зиянын тигізуі ықтимал. Биік ғимараттарда немесе орындарда жұмыс жүргізу және кез-келген уақытта өрт шығу қаупі де бар. Осы қауіптіліктерді алдын-алу мақсатында маман жұмысты бастамас бұрын арнайы киім мен аяқ киім, маска, шлемді міндетті түрде киеді.

Металдарды пісіруші маманға қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, нәтежиелі, көңілге қонымды жұмыс жасауы тікелей оның білімі мен біліктілігіне тығыз байланысты. Жоғарғы оқу орындары мен кәсіптік колледждердегі Электргазбен пісіруші мамандардың бітіруші моделі 3 – кестеде жазылған.

### 3 Кесте – «Бәсекеге қабілетті кәсіби-ұтқыр маманның моделі»

Кәсіптік-техникалық оқу орындарында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру		
Жеке құзыреттілікті дамыту бағыттары	Дайындық мақсаты:	Кәсіби құзыреттілікті дамыту бағыттары
- Түрлі шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолдау көрсету	БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, ҰТҚЫР МАМАННЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ	- Мемлекет талаптарына байланысты даярлау
- Оқыту кезінде ынтасын ояту	Құзыреттілік нәтижесі:	- Практикалық сабақтарды көптеп жүргізу
- Дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру	- Шешім шығара біледі	- Мамандық бойынша қосымша ақпараттандыру
Әлеуметтік құзыреттілікті	- Нәтижелі жұмыс атқарады	- Заман талабына сай технологияларды тиімді пайдалана алу
	- Кез-келген ортаға бейім болады	
	- Рефлексия	
	- Өздігінен ізденеді	
	- Өзін қалыптастырады	Арнайы құзыреттілікті дамыту бағыттары

дамыту бағыттары	БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҚ	
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кез-келген ортаға икемділікке бейімдеу</li> <li>- Патриотизмге шақыру</li> </ul>		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғылыми жұмыстарға баулу</li> <li>- Түрлі конференциялар өткізу</li> </ul>

Пісірушінің мансабының өсуі оның тәжірибиесіне, кәсіптік құзыреттілігіне, қосымша білім алуына , нәтежиелі жұмыс атқаруына байланысты. Мамандықтың артықшылығы: жұмыс ұсынушыларың көптігі, кез-келген уақытта сұраныста болуы. Жетекшілік лауазымды атқару үшін міндетті түрді жоғарғы кәсіби білім болуы керек. Кәсіби білімді колледж, университет және өдірістік оқыту орындарынан алады.

## 2 Технологиялық бөлім

### 2.1 Пісіру әдістерінің мәні мен жіктелуі

Пісіру – қара және түсті металдар, сонымен қоса, қатты бұйымдарды түрлі әдістермен балқытып, бір-бірінен ажырамайтын жалғас жасау үрдісі. Пісірілген материалдардың арасында атомаралық тығыз байланыс пайда болады.

Пісіру үрдісін термомеханикалық, механикалық, термиялық деп үш топқа ажыратылады.

Балқыту арқылы пісіруді термиялық пісіру деп атаймыз. Бұл топқа доғалы, плазмалы, сәулелік, электр қожды, газды пісірулер кіреді.

Металдарды қысым арқылы пісіру термомеханикалық топқа жатады. Бұл топқа түйістіріп пісіру, индукциялы-қысымды, диффузиялы, газды-баспалы, термокомпрессиялы, доға-басқалы, термитті-баспалы пісіру түрлері кіреді.

Пісіру кезінде механикалық энергияны пайдаланылып жүзеге асырылатын пісіру үрдісін механикалық пісіру тобы деп аталады. Салқындай, ультрадыбысты, жарылыспен, үйкеліспен және магнит-импульсті түрлері бар.

Металдың техникалық белгілеріне мыналар кіреді:

- металды пісіру аумағында қорғау әдісі;
- пісіру үрдісінің тоқтаусыз болу дәрежесі;
- пісіру ісін механикаландыру дәрежесі.

Пісіргелі отырған бұйымды ауаның зиянды қоспаларының қорғау әдістері бар. Оған қорғаушы газбен, флюс арқылы, вакууммен, көбікпен пісіру түрлері жатады. Үзіліссіздігіне қарай, пісіру үрдісін үзілісті және үзіліссіз деп ажыратамыз. Пісірудің қолмен, автоматты, жартылай автоматты, механикаландырылған түрлері болады.

Пісіру доғасы – пісіру барысында бұйым мен электрод немесе екі электрод арасындағы газды ортада жүретін қуаттылық.

Доғаның үш түрі бар:

- доғаның ауада жануы ашық доға деп аталады, онда газ ортасының құрамына ауа және пісіру металл, электродты материал және электродты материалдың бу қоспасы кіреді;

- тұйық доға ағын астында жанады, мұнда газ құраушысы негізгі металл буынан, жалпы сымнан және қорғаныс ағынынан тұрады.;

- қорғау газының ортасында доғаның жануы. Бұл жағдайда газ ортасы негізгі металл буы мен металл сымынан тұратын қорғаныс газынан тұрады.

Пісіру ісінде пісіру икемділі деген түсінік бар. Пісіру икемділігі деп әр түрлі металдардың әр түрлі орта мен температурада сапалы жалғас тудыра алу қасиеттерінің жиынтығы. Еру жылдамдығы жоғары металдарды балқыту әдісімен пісіреміз. Біртекті металдар бір-бірімен өте жақсы пісіріледі. Қорғасын мен мысты бірге пісіру мүмкін болмайды. Осындай көптеген

эртекті металдарды пісіру үшін, өзара қосылысайтын екі септалға қосымша еру дәрежесі жоғары үшінші металды қосу арқылы пісіреміз. Пісіру икемділігі тек қана пісірілгелі жатқан металдардың құрамына ғана байланысты емес. Металдарды пісіруде таңдалған әдіс-тәсілдерге де тығыз байланысты.

## 2.2 Газбен пісіру тәсілі

Газбен пісіру жұқа болаттарды, шойындарды, түсті металдарды және қорытпаларды пісіру кезінде жиі қолданылады.

Газбен пісіру - пісірілетін металл қырларын балқыту және оған қосымша металл ерітіп құю жолымен жанған газдың жалыны арқылы ажырамайтын қосылыс жасайтын процесс.

Қалыңдығы 2 мм-ге дейінгі металл қаңылтырларынан жасалған бөлшектерді қосымша металл балқытпай-ақ олардың өз қырларын ерітіп жалғастырады. Газбен пісіру әдісі аса қарапайым, ол өте қымбат жабдықтарды қажет етпейді. Сондықтан да өндірістің барлық салаларында кеңінен қолданылады.

Газбен пісіруді қалыңдығы 3 мм-ге дейінгі төменгі немесе орташа көміртекті болаттарды біріктіруге кең қолданады; сол сияқты кіші және орташа диаметрлі (600 мм-ге дейінгі) құбырлардың ұштарын пісіріп жалғауға, әр түрлі қалыңдықтағы шойын мен түсті металдарды пісіруге қолданады.

Газбен қалыңдығы 3-4 мм-ден жоғары көміртекті болаттарды да пісіруге болады, алайда оған электр доғалы пісіргішті қолданған тиімдірек. Сол сияқты ете қатты және қоспалы болаттарды пісіруге де электр доғалы пісіргіш пайдаланған жөн. Егер аргонды доғалы пісіргішті қолданса, пісірудің өнімділігі жоғарырақ болады.

Газбен пісіру ацетилен газы мен оттегінің жануы нәтижесінде пайда болған жалынмен пісіруде қолданады. Кей кезде ацетиленнің орнына оның алмастырғыштары: пропан-бутан, метан, бензин буы, немесе керосин қолданылады.

Тұтанғыш газ баллоннан немесе арнайы газ генераторынан дәнекерлеу шамына(сварочная горелка) түседі. Баллоннан шамға оттегі түседі. Шамның ішінде олар белгілі бір қатынаста араласып, шығатын кезде тұтанады, жанады. Жалын дәнекерленген бұйымдардың шеттерін балқытып, толтырғыш ағыны, сонымен қатар атмосферадан қорғау қызметін атқарады. Оттегі мен жанғыш газды белгілі вентильдің көмегімен керекті қалыпқа келтіре аламыз.

Газбен пісіру кезіндегі жалынның құрылымы.

Негізінен жалын жанған кезде негізгі үш аймақтан тұрады:

- 1)жалын ядросы А
- 2)қалыпты аймақ(восстановительная зона) Б
- 3)Жалын алауы (факел пламени) В



Орындау техникасына байланысты газбен пісіруді оң және сол әдісі деп ажыратады.

Сол жақпен пісіру Б кезінде пісіруші шамның жалының оңнан солға қарай жылжытады, ал қоса пісірілетін металды жалын бетіне ұстайды. Пісірілетін металды жақсы қыздырып дұрыс балқыту үшін шаммен қоса пісірілетін металды жікке көлденең иректен қозғап отырады. Бұл тәсіл жұқа қаңылтырлармен оңай балқытын металдарды пісіргенде қолданылады.

Оң жақпен пісіруді А шамның жалының солдан оңға қарай, теңселтпей түзу сызық бойымен жылжытып жүргізеді. Бұл кезде жалын балқыған ваннаға бағытталады да оның соңында қоса пісірілетін металл жігі баяу суиды. Солардың нәтижелерінде жалғастырулардың сапалары жақсарады, газ шығыны 15-10%-ға азаяды, қырлардың ашу бұрышын 60-70°C-қа азайтқандықтан еңбек өнімділігі 20-25% -ға өседі. Оң жақпен пісіру тәсілін қалыңдығы 5 мм-ден артық бөлшектерді немесе жылу өткізгіштігі жоғары металдарды (мыс, жез және олардың қорытпалары) пісіргенде пайдаланған тиімді.

Оң жақ пісіру кезінде пісіру ваннасының қорғанысы, газ шығынының төмендігі, ең төменгі жіктің салқындау жылдамдығымен қамтамасыз етіледі.

Сол жақ пісіру кезінде жік жақсы қалыптасады, өйткені пісіруші пісіру үрдісін жақсы бақылай алады. Металдың қалыңдығы 3мм дейін болса, сол жақпен, жоғары болса, оң жақ пісіру қолданылады.

Газбен пісіру 100 жылдан астам уақыттан бері қолданылып, әлі күнге дейін қолданысқа ие. Кейін жаңа пісіру түрлері мен жабдықтары – доғалы, элетродпен, портативті- жартылай автоматты және қорғаныс қабаттарында пісіру пайда болғандықтан, газбен пісіру технологиясы өндірісте екінші орынға жылжып кетті .

Газбен пісірудің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Газбен пісіру металдардың гомогенді структура құрып, балқуының арқасында жүреді: материалдар балқиды да , қосылады. Газ тазартылған оттегінің қоспасы ретінде жанады.

Артықшылықтары:

-Қарапайым пісіру түрі, қымбат пісіру аппаратын қажет етпейді;

-Пісіруге арналған газды оңайлықпен алуға болады;

-Газбен пісіру қуатты энергия көздері мен қорғаныс орталарын қажет етпейді (жағдайға байланысты)

-Жалынды бақылауға болады – қуатын өзгертуге, түрін, бөліктерді жылытуға болады.

Кемшіліктері:

-Металдарды шаммен қыздырудың төмен жылдамдығы(жартылай автоматпен пісіру қолайлы);

-Газбен пісіру кең жылу аймағын шығарады;

-Жылу тез таратылады, нашар концентрацияланады;

-Негізгі кемшілігі электр қуаты/отынның бағасында. Әрине, доғалы пісіру аппараты немесе электродпен пісіру электр қуаты аямай кетіреді,

дегенмен есептей келе ацетилен мен оттегінің кетіретін шығынынан аз шығын кетіеді;

-Метал қалыңдығына байланысты, нашар жылу концентрациясы газбен пісірудің нәтижесін нашарлатады: қалыңдығы 1 мм – сағатына 10 метрді, ал 1 см қалыңдықта – сағатына 2 метрді құрайды. Сондықтан, қалыңдығы 5 мм-ден жоғары кезде доғалы немесе жартылай автоматпен пісіру қолданады.

Газбен пісіру жабдықтары:

Газбен пісіру кезінде қолданылатын жабдықтарға негізінен ацетилен генераторы, баллондар, бәсеңдеткіш, шілтер және кескіш жатады. Ацетилен генераторы – бұл кальций карбиді мен суды өзара әрекеттестіру жолы арқылы ацетилен ( $C_2H_2$ ) газын алуға арналаған құрылғы. Оған суды бақылау тығынының деңгейіне дейін құяды. Кальций карбидін құрылғының құжатында көрсетілген мөлшерде кәрзеңкеге салып, оны суға түсіргеннен кейін 5-10 с. ішінде қақпағын қымтап бұрайды. Ацетилен газы бөлінген кезде манометрді мұқият қарау керек. Кальций карбидін аузы қымталған бөшке ыдыста сақтайды.

Ацетилен генераторы міндетті түрде арнайы сақтандырғыш бекітпемен жабдықталуы тиіс. Сақтандырғыш бекітпе ацетилен генераторын кері соққының әсерінен қорғау қызметін атқарады. Бекітпе болмаған жағдайда жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

Баллондар ішінде толтырылғын газдың түріне байланысты түрлі түспен боялады. Оттегі көк түспен, ацетилен сұр түспен, пропан газы қызыл түспен боялады.

Бәсеңдеткіш екі көрсеткіш манометрден тұрады, бірінші манометр баллондағы қысымды көрсетсе, екінші манометр вентиль арқылы бәсеңдетілген шілтерге немесе кескішке жеткізілетін газдың қысымын көрсетеді.

Оттық және газбен пісіруде және кесуде қолданатын негізгі құрал, оның артындағы ниппеліне оттегі және пропан немесе ацетилен газының шлангтері жалғанады. Олар хомутпен газ шықпайтындай қауіпсіз қысылады.

Газбен пісіру мен кесуге арналған газдар

Металдарды газбен пісіру мен кесуге әртүрлі газдар қолданылады: оттегі, ацетилен, сутегі, пропан т.с.с., сондай-ақ бензин және керосин булары.

Оттегі. Газбен пісіру және кесуде газ жалынының жоғары температурасына жанар газ немесе сұйықтық буларының оттегінде жануы жолымен жетеді.

Оттегі әдеттегі жағдайда (температура мен қысымда) иіссіз, дәмсіз және туссіз, ауадан аздап ауырлау мөлдір, ашық түсті газ болып табылады. 20 °С температура және нормалы атмосфера қысымда бір кубометр оттегінің массасы 1,33 кг-ға тең.

Оттегі 182,9°С температурасында (нормалы қысымда) жанады.

Сұйық оттегі мөлдір, көгілдір түрі бар. Бір литр сұйық оттегінің массасы 1,14 кг-ға тең. Бір литр сұйық оттегі буланғанда 860л газ пайда болады.

Оттегін алу үшін суды электр тоғымен қыздырып ажыратады немесе атмосфералық ауаны терең салқындатады.

Пісіру мен кесуге арнап үш сұрыпты техникалық оттегі шығарылады. Бірінші сұрып 99,7% - дан кем емес таза оттегін құрайды, екіншіде – 99,5%-дан кем емес, үшіншісінде – 99,2% (көлеммен). Қалдықтары азот пен аргонды құрайды. Оттегінің тазалығы пісіру мен кесу үшін (әсіресе кесу үшін) маңызы өте зор. Оттегі неғұрлым таза болған сайын, соншалықты өңдеу сапасы жоғары және оттегі шығыны аздау болады.

Қысылған оттегі әртүрлі органикалық заттарға - майларға, жанғыш пластмассаларға, көмір тозандарына тигенде, оларды үлкен жылдамдықпен тотықтандырады, нәтижесінде олар өздігінен жанады немесе жарылады. Оттегі жанғыш газдармен немесе булармен жарылғыш қоспалар қалыптастырады. Сондықтан, оттегі оны пайдалану ережелерін қатаң сақтауды, пайдаланғанда абай болуды қажет етеді.

Ацетилен. Ацетилен барлық жанар газдардан кеңірек қолданылатыны болып табылады. Ацетилен оттегіне жанғанда ең жоғары температура – 3050-3150 °С алуға болады. Ацетиленнің химиялық формуласы  $C_2H_2$ , яғни көміртегі мен сутегінің қосындысы болып табылады. Техникалық ацетилен әдеттегі жағдайда ерекше иісті түссіз газ. Ұзақ уақыт ацетиленмен демалғанда адамның басы айналып, құсқысы келеді немесе улануға дейін барады.

Ацетилен ауадан жеңіл - әдеттегі жағдайда бір текше метрінде 1,09 кг массасы бар. 82,4<sup>0</sup>С-дан 84<sup>0</sup>С-ға дейінгі температура аралығында ацетилен сұйық қалыпқа ауысады, ал 85<sup>0</sup>С температурасында (әдеттегі қысымда) қатайды. Ацетиленнің жарылғыш қаупі бар, сондықтан оны пайдаланғанда бұл жағдайы ескеру қажет.

Ацетиленнің өзінше жану температурасы 240 тан 630<sup>0</sup>С аралығында және ол ондағы қатысты заттардың құрамына және қысымға байланысты. Қысымның жоғарылауы оның өзінше жану температурасын төмендетеді.

Ацетиленнің оттегі немесе ауамен қоспасы жарылысқа өте қауыпты.

Ацетиленнің белгілі құрамында мұндай қоспалар атмосфералық қысымда жарылуы мүмкін (әсіресе қауыпты құрамында 7-13% ацетилені бар қоспалар).

Ацетиленді (техникалығын) екі әдіспен алады:

кальций карбидінен және табиғи газдан, мұнай немесе көмірден.

Ацетиленді табиғи газдан алу кальций карбидінен алғаннан 30-40%-ға арзан.

Пропан-бутанды қоспа – бұл пропанның 5-30 % бутанмен қоспасы болып табылады. Кейде мұндай қоспаны техникалық пропан деп атайды.

Пропан-бутанды қоспаны табиғи газдарды өндіргенде немесе мұнайды өндегенде алады. Пропан-бутанды жалынның температурасы жоғары болмағандықтан ( 2400<sup>0</sup>С шамасында), қоспаны қалыңдығы 3 мм –ден аспайтын болаттарды аспайтын болаттарды пісіру үшін пайдаланады.

Жаймалардың үлкендеу қалыңдығында сенімді жалғас алу үшін металды қажетінше қыздыру мүмкін емес.

Сондықтан төментемпературалы жалынды кескенде, бөлшекті түзету үшін қыздырғанда, сондай-ақ металл бетін отпен тазартқанда пайдаланған тиімді. Қалыңдығы 3 мм-ге дейінгі болат жаймаларды пісіргенде пропан-оттекті пісіру сапасы бойынша ацетилен-оттекті пісіруден кем түспейді.

Пісіру жұмыстары үшін пропан-бутанды қоспа сұйықталған күйінде шығарылады. Қоспаның газды қалпына өтуі - өз еркімен баллонның жоғарғы бөлігінде қалыптасады. Техникалық пропан – түссіз газ, ауадан ауыр және өзінше жағымсыз иісті газ.

Табиғи газ негізінде метаннан (77-98%) және басқа газдардың – бутан, пропан, пропилен және т.б. құрамдарынан тұрады. Газдың іс жүзінде иісі жоқ, сондықтан оның ағысын байқау үшін оған иісі қатты шығатын заттар қосылады.

Метан - оттекті жалынның температурасы пропан-оттекті жалыннан да төмен – шамасы 2100-2200 °С, сондықтан табиғи газ шектелген жағдайларда қолданылады.

Пісіру технологиясы

Редуктор оттегі мен газдың құрамын өзгертеді, сонда пісіруші жалынды өзгертеді. Осылайша 3 түрлі жалын пайда болады:

1) Қалпына келетін-барлық металдар мен қорғаныс ортасындағы жұмыс үшін;

2) тотығу- кремний мен марганецті сым ;

3) артық газ- берік қорытпа үшін.

Металл кішігірім көлемді ваннада және көрінбейтін оқшаулау жылу арқылы піседі, және металл тез балқып, тез суып кетеді.

Пісіру кезінде пісіру ваннасында қалпына келу мен тотығу жүреді, алюминий мен магний жақсы тотығады. Бұл металдардың тотықтары Н мен СО<sub>2</sub>, қалпына келтірмейтіндіктен , флюсты қолдануға міндеттіміз.

Никельді және темір оксидтері керісінше – тез қалпына келеді, сондықтан олар флюсы қажет етпейді.

### 3 Әдістемелік бөлім

#### 3.1 Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістері

